



АСТАНА
2008

«АСТАНА – БІЗДІҢ ДЕ МАҚТАНЫШЫМЫЗ»

**Ақбәлі САПАРБАЕВА,
«Оңтүстік Қазақстан».**

Шымкент қаласында Елорда мерейтойы қарсаңында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып жатыр. Оқу орындарының арасында бірінші болып М. Әуезов атындағы



ОҚМУ Ж. Шанин атындағы облыстық қазақ драма театрында «Өнер шашу концерті» өткізді. Студент жастар «Елорданың жетістігі тек астаналықтардың ғана қуанышы емес, Астана қаласы – біздің де мақтанышымыз» деді. «Өнер» факультетінде талай жас өнерпаздың томағасын сыпырған белгілі әнші, композитор Әбдіхан Нұрмаханбетов шәкірті Мөлдір Бақытжанқызымен қосылып құй-қығыпта ән салды. «Аружан»,

«Қаракөз» би топтарының өнері де жиналғандарды тәнті етті.

Өнер кешіне облыстық мәслихат хатшы Ә. Досболов, облыс әкімінің орынбасары Ә. Бектаев, университет ректоры У. Бишімбаев қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

1998 жылы Президент астананы Ақмола қаласына көшіру идеясын

айтқанда, бұл пікірге күмәнмен қарағандар аз болмады. Егеменді ел атанып, өркендеу кезеңіне қадам басқан тұста еліміздің астанасын көшіруге көпшіліктің жүрексінгені рас. Алайда, Елбасының көрегендігіне бүгін баршаның көзі жетіп, 10 жылдың ішінде жаңа астана аяғынан тік

тұрды. Еуразия кеңістігіндегі жылдыздай жарқыраған шаһарға айналды. Атаулы мерейтойға дүниежүзінің түкпір-түкпірінен құрметті қонақтар келеді деп күтілуде. Демек, бүкіл әлемге өзіміздің қандай ел екенімізді танытуға тағы бір мүмкіндік туып отыр. Мерейтойда барша қазақстандықтар қызмет етеді. Соның ішінде оңтүстік-қазақстандықтардың үлесі басым болуы керек, — деді облыс әкімінің орынбасары Ә. Бектаев.